

Бекітпді
№17 бөбекжай-бақша директоры
М.А.Кушсова
№1 педагогикалық кеңес
02.09.2020 ж.



2020-2021 оқу жылына «Кел, билейік» вариативтік компоненті
бойынша перспективтік жоспары
Ересек «Күншуақ» тобы

Түсіндірме жазба

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық ырғақ би түрлерінің қарапайым қимылдарын үйрету. Ептілік, әдемілік мүсіні болып табылатын –ырғақты би қимылдар арқылы баланы жігерлендіру. Ритмикалық жаттығулар арқылы бұлшық еттерін, денсаулықтарын нығайту, қозғалыс координацияларын жетілдіру. Биге деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ритм сезімдерін, эстетикалық талғамдарын ояту.

Міндеттері:

- Ырғақты би қимылдарын үйрету;
- Дұрыс дем алуды қалыптастыру;
- Дұрыс дене сымбатын, жүрісін, қозғалыс грациясын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Ырғақты қимылды жаттығулар арқылы би элементтерін үйренеді;
- Дене бітімдері түзеліп, сымбаттылығы дамиды;
- Биге деген қызығушылықтары артады.

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Әдіс- тәсілдері | Сағаттар саны |
|---|---|--|---|---------------|
| 1 | Сәлемдесіп үйрену. Жаттығу жасау. | Залға кіргенде мұғаліммен қалай амандасу керегін және өзін қалай ұстауын үйрету. Қазақша сәлем етіп көрсету. Бас және қол, аяқ жаттығуларын жасау. | 1. Тұрғызу 2. Өңгімелесу 3. Көрсеткен қимылды қайталап сұрау | 1 |
| 2 | Сәлемдесу. Дене жаттығуын және шалқайма қимылдарын үйрету. | Алдыңғы сабақты қайталау. Денені екі жаққа созып, шалқайып толықтай белді айналдырып үйрету. | 1. Әуенді қосу 2. Әуенмен қозғалтып үйрету 3. Көрсеткен қимылды сұрап, қайталау | 1 |
| 3 | Сәлемдесу. Залда тұру қалыптарын үйрету. Анфас, Эпальман, Экарте, Эфассе. | Би қалыптарын үйрету. Жанға, алға, тіке әдемі тұру. Қалыпты сақтай білу. | 1. Тұрғызу 2. Өңгімелесу 3. Көрсеткен қимылды қайталап сұрау. | 1 |
| 4 | Сәлемдесу. Аяқ қалыптарын үйрету. | Балаларға сымбатты сұлу және мүсіндерінің дамуы үшін, классикалық позицияны үйрету. I, II, III қалыптарда тұрып үйрету. | 1. Көңілді ырғақты жаттығу. 2. Позицияны балалармен орындау. 3. Дидактикалық ойын «Орныңды тап» | 1 |
| 5 | Сәлемдесу. Қол қалыптарын үйрету. | I, II, III қалыптарда қолды алға, жанға, жоғары әдемі ашып үйрету. | 1. Тұрғызу 2. Би қимылдарының суреттерін көрсету. | 1 |
| 6 | Аяқ- қол қимылдарын қайталау. | Аяқ және қолды бірге қосып орындау. Дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, пластикалық дағдыларын қалыптастыру. | 1. Тұрғызу 2. Би қимылдарының суреттерін көрсету 3. Әуенмен қайталату. | 1 |

| | | | | |
|----|---|---|--|---|
| 7 | Қол қалыптарын үйрету. | Алдыңғы сабақты қайталау. Қолдың және аяқтың I, II қалыптарын көрсету. Қолды тіке қалыпта нәзік ашып білу. | 1. Әуенді қосу 2. Тұрғызу 3. Қазақ биінің негізін салушылармен таныстыру. 4. Сабақты түсіндіру. | 1 |
| 8 | Аяқ қалыптарын үйрету. | Аяқты тіке ашып жабу. Аяқтың III -VI қалыптарын үйрету. Әр биде аяқ қалыптарын қолдана білу. | 1. Әуенді қосу 2. Сабақты түсіндіру 3. Қимылды қайталау. | 1 |
| 9 | Аяқ және қол қалыптарын қосып қайталау. | Қалыптарды бір-біріне үйлестіріп орындау. | 1. Әуенді қосу 2. Тұрғызу 3. Қимылды қайталау | 1 |
| 10 | Сәлемдесу. «Ріе» отырып тұру қимылы. | Алдыңғы берілген тапсырманы қайталау. Жартылай және толықтай отырып тұру. Арқаны тіке ұстау. | 1. Әуенді қосу 2. Орындарына тұрғызу 3. Жасалған қимылдарды қайталап тұру. | 1 |
| 11 | Сәлемдесу. «Ріе» отырып тұру қимылын қайталау. | Плие қимылын әдемі орындап үйрету. Икемділік, төзімділік қабілетін жаттықтыру. Аяқ бұлшық еттерін дамыту. | 1. Әуенді қосу 2. Орындарына тұрғызу 3. Жасалған қимылдарды қайталап тұру. | 1 |
| 12 | Сәлемдесу. «Қамтыма» қимылын үйрету. | Қамтыма түрлерін үйрету. Әр түрлі қалыптарда орындау. | 1. Тұрғызу 2. Әуенмен билеу 3. Өткен тапсырманы топқа бөліп сұрау. | 1 |
| 13 | Сәлемдесу. «Атшабыс» қимылын көрсету. | Өткен тапсырманы сұрау. Ерлер мінезінде өкшемен аттың дыбысын шығару. Патриоттық сезімге би арқылы тәрбиелеу. | 1. Тұрғызу 2. Сабақты ауызша айтып түсіндіру 3. Үйренген қимылды топқа бөліп сұрау. | 1 |

| | | | | |
|----|---|--|---|---|
| 14 | Сәлемдесу. Жаңа жылға би үйрету. | Қыздарға- Жұлдыздар биі. Ақшақарлар биінің қимылдарын көрсету. | 1. Әуенді тыңдау. 2. Би қимылдарын 2-3 қимылдан үйрету. 3. Әуенсіз билеп үйрету. | 1 |
| 15 | Сәлемдесу. Жаңа жылдық билер үйрету. | Ұлдарға-Гном биінің қимылдарын үйрету. Аққала биін көрсету. Ырғақты және мәнерлі қозғалып билеуге үйрету. | 1. Әуенді тыңдау. 2. Би қимылдарын 2-3 қимылдан үйрету. 3. Әуенсіз билеп үйрету. | 1 |
| 16 | Жұлдыз және Ақшақарлар биін жалғастыру. | Билерді қайталап қимыл қосу. Балаларға қыстың суығы, қары, мұзы туралы түсінік беру. | 1. Әуенмен билеу. 2. Әуенсіз билеп үйрету. 3. Тактты ұстап үйрету. | 1 |
| 17 | Гном биін жалғастыру. | Биді қайталап қимыл қосу. Биді ырғағына сай, әуеннің көңіл –күйіне мән беру арқылы мазмұнына байланысты үйрету. | 1. Әуенмен билеу. 2. Әуенсіз билеп үйрету. 3. Тактты ұстап үйрету. | 1 |
| 18 | Билерді бітіру. | Билерді нақышына келтіріп, қате жібермей орындау. | 1. Әуенмен билеу. 2. Әуенсіз билеп үйрету. 3. Балалардан үйренген билерді сұрау. | 1 |
| 19 | Сәлемдесу. | Екі қолды алмастырып, сырғаны бейнелеу. Қазақ аруларының кербездігін көрсету. Би арқылы эстетикалық талғамын арттыру. | 1. Тұрғызу 2. Сабақты ауызша айтып түсіндіру 3. Өткен тапсырманы топқа бөліп сұрау. | 1 |
| 20 | Сәлемдесу. «Өрнек» қимылы үйрету. | Алдыңғы қимылдарды қайталап көрсету. Қазақтың өрнек қимылын үйрету. Саусақты айқастырып, әдемі өрнектің бейнесін шығару. | 1. Тұрғызу 2. Сабақты ауызша айтып түсіндіру 3. Өткен тапсырманы топқа бөліп қайталату. | 1 |

| | | | | |
|----|--|---|--|---|
| 21 | Сәлемдесу. Жаттығу жұмыстарын жасау. | Дене жаттығуларын жасап көрсету. Балаларға секірулер түрлерін үйретіп, бірқалыпты шеңбер бойымен орындауға үйрету. | 1. Тұрғызу 2. Әуенмен жасау 3. Өткен тапсырманы топқа бөліп сұрау. | 1 |
| 22 | Сәлемдесу. «Полька» биі. | Алдыңғы сабақтарды қайталау. Аяқтың ұшын созып секіріп билеу. Балаларға жұппен билеуге, кеңістікте дұрыс орналасып, нұсқауларды дұрыс орындауға үйрету. | 1. Екі қатарға тұрғызып үйрету. 2. Әуенді тыңдату. 3. Қимылды қайта жасату. | 1 |
| 23 | Сәлемдесу. «Полька» биін жалғастыру. | Биді жалғастырып алдыңғы қимылдарды бірге қосып қайталау. Балалардың талғамы мен әдет – дағдыларын зерделеп көркейту. | 1. Орындарына тұрғызу 2. Әуенмен билету. 3. Қимылды қайта-қайта жасату. | 1 |
| 24 | Сәлемдесу. «Полька» биін бітіріп көрсету. | Үйренген қимылдарды қосып биді аяқтау. | 1. Орындарына тұрғызу 2. Әуенмен және әуенсіз билету. 3. Қимылды қайта-қайта жасату. | 1 |
| 25 | Сәлемдесу. Жаттығуларды қайталау. | Алдыңғы сабақтарды қайталап еске түсіру. Әдемі орындау. Денсаулықтарын нығайту, жақсы көңіл – күйде болу. | 1. Ауызша сұрақтар қою. 2. Қимылдарды көрсету. 3. Билерді қайталау. | 1 |
| 26 | Сәлемдесу. «Керілу, созылу» | Алдыңғы тапсырманы қайталау. Барлық дене мүшесін жаттықтыру, керілу, тартылу. | 1. Орындарына тұрғызу. 2. Сабақты түсіндіру. 3. Үйреткен тапсырманы қайталау. | 1 |
| 27 | Сәлемдесу. «Орыс» биінің қимылдарын үйрету. | Балаларды көрші елдердің ұлттық биімен таныстыру. Би қимылдары мен әуен мінезімен үйлесімді үйрету. | 1. Орындарына тұрғызу. 2. Әуенмен билеп үйрету. 3. Үйреткен биді қайталап сұрау. | 1 |
| 28 | Сәлемдесу. «Орыс» биінің қимылдарын жалғастыру. | Қайталау. Әрбір қадамды жай әдемі қозғалыспен орындау. Қол және аяқ қалыптарын ұстау. Балалардың биге деген қызығушылықтарын арттыру. | 1. Орындарына тұрғызу. 2. Әуенмен билеп үйрету. 3. Үйреткен биді қайталап сұрау. | 1 |

| | | | | |
|----|---|---|---|---|
| 29 | Сәлемдесу. «Қазақ» биінің қимылдарын үйрету. | Қазақтың жаңа жылына арналған би. Арулардың нәзіктігін бейнелеу. Халықтық музыканы белсенді тыңдатуға үйрету | 1. Орындарына тұрғызу. 2. Әуенмен билеп үйрету. 3. Үйреткен биді қайталап сұрау. | 1 |
| 30 | «Қазақ» биі. Қайталау. | Қазақтың жаңа жылына арналған би. Арулардың нәзіктігін бейнелеу. Әуенге сәйкес дербес би қозғалыстарын ойлау арқылы баланың ой –қиялын және елестету қабілеттерін дамыту. | 1. Орындарына тұрғызу. 2. Әуенмен билеп үйрету. 3. Үйреткен биді қайталап сұрау. | 1 |
| 31 | Сәлемдесу. «Өзбек» биінің қимылдарын үйрету. | Балаларды Өзбек халқының биімен таныстыру. Қызықтыру және дамыту. Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. | 1. Орындарына тұрғызу. 2. Әуенмен билеп үйрету. 3. Үйреткен биді қайталап сұрау. | 1 |
| 32 | Сәлемдесу. «Өзбек» биінің қимылдарын жалғастыру. | Өткен қимылда қайталау. Қолдарын шықыратып үйрету. Балаларды биді әдемі орындауға үйрету. | 1. Орындарына тұрғызу. 2. Сабақты түсіндіру. 3. Үйреткен қимылды қайталату. | 1 |
| 33 | Жан-жануарлардың қимылын үйрету. | Өткен тапсырманы қайталату. Жануарлардың жүгірістерін көрсету. Балалардың белсенділіктерін арттыру. Табиғатты сүйе білуге үйрету. | 1. Көңілді ырғақты әуен қосу. 2. Балаларды тұрғызу. 3. Қайталату. | 1 |
| 34 | Қол қимылдарын қайталау. | Қол қимылдарын әдемі көрсетіп, майыстырып орындап көрсету. Өзіне деген сенімділігін, еркіндігін арттыру. | 1. Орындарына тұрғызу. 2. Сабақты түсіндіру. 3. Үйреткен тапсырманы қайталап сұрау. | 1 |
| 35 | Дене жаттығуларын жасау. | Секіріп аяқ-қол жаттығуларын жасап, өткен сабақты еске түсіру. Би қимылдарын қайталау . | 1. Тұрғызу 2. Көңілді әуен қосу. | 1 |

| | | | | |
|---------|-----------------------|--|---|----------|
| 36 | Қорытынды ашық сабақ. | Өткен барлық сабақты қорытындылап, көңілді ырғақты және әсем қозғалып билеп көрсету. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Әуенді қосу 2. Оқушылардың залға кіруі 3. Бидің суреттерін залға қою 4. Сұрақтар қою 5. Билету 6. Сабақты әдемі аяқтау. | 1 |
| Барлығы | | | | 36 сағат |